

"Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде есептік ақпаратты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 42 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 14833 болып тіркелді

1. "Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде есептік ақпараты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 42 бұйрығына ("Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 наурызда жарияланған Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10349 тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 42–тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМАНЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесі бекітілсін.";

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде есептік ақпараты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің қазақша және орыс тілінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкіне жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы республикалық мемлекеттік кесіпорнына, сондай-ақ осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

T. Сулейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 13 актандығы
№ 66 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 26 қантардағы
№ 42 бұйрығымен бекітілген

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесі

1-тaraу. Негізгі ережелер

1. Осы Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) мемлекеттік органдарға жүктемені азайту және "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығының (бұдан әрі - Жарлық) 42–тармағына сәйкес жүргізілетін бағаланатын мемлекеттік органдардың есептік ақпаратындағы (бұдан әрі - Есептік ақпарат) деректерді қайта тексеру рәсімін оңтайландыру мақсатында әзірленді.

2. Әдістеме тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес Есептік ақпаратын қайта тексеру қажет Жарлық тізбесінде көзделген орталық мемлекеттік органдар (бұдан әрі – ОМО)

мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарын (бұдан әрі – ЖАО) айқындауға арналған.

3. Тәуекелдерді басқару жүйесі қайта тексерілетін мемлекеттік органдардың үлесін 50 %-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Осылайша, Әдістемеге сәйкес қайта тексерілуге жататын 7 ОМО мен 7 ЖАО айқындалады.

Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айыппұл балдары (К1) – алдыңғы бағалау жылындағы ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде ақпаратты дұрыс емес, толық емес және уақтылы ұсынбау фактілері бойынша шегерілген балдар;

2) бағалаудағы тәуекелдерді басқару жүйесі – бағалау қызметінің неғұрлым басым бағыттары бойынша тандау мен ресурстарды оңтайлы бөлу қагидаттары бойынша бағалау іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ететін әкімшілендіру жүйесі;

3) басым көрсеткіш (К2) – бағалау бағытының негізгі сипаттамасын көрсететін ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау өлшемшарты;

4) мемлекеттік органның серпіні (К3) – алдыңғы екі бағалау кезеңі ішінде мемлекеттік органды бағалаудағы балдардың елеулі өсуі;

5) тәуекел аймағы - осы Әдістеме бойынша есептеулерге сәйкес жиынтығында ең жоғары көрсеткіштерді (балл) иеленген 12 ОМО мен 16 ЖАО-дан тұратын топтың сипаттамасы;

7) тәуекел деңгейін айқындау өлшемшарттары (К1, К2, К3) – алдыңғы бағалау кезеңіндегі ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерімен байланысты сапалық көрсеткіштер.

4. Алдыңғы бағалау кезеңіндегі тиісті бағыттар бойынша ОМО мен ЖАО қызметінің тиімділігін бағалау (бұдан әрі – бағалау) нәтижелері туралы қорытындылар әдістеме үшін ақпарат көзі болып табылады.

5. Қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау кезінде алдынғы бағалау кезеңіндегі бағалаудың бес бағыты бойынша нәтижелер қолданылады:

1) қадағаланатын салада/аяда/өнірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру;

2) бюджет қаржатын басқару;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) персоналды басқару;

5) ақпараттық технологияларды қолдану.

6. Көрсетілген бағалау бағыттары бойынша басым көрсеткіштер тізбесі (К3) осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес қалыптастырылды.

7. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау алдыңғы бағалау кезеңінің қорытындылары бойынша жыл сайын жүзеге асырылады.

2-тaraу. Тәуекел аймағына жататын мемлекеттік органдарды айқындау

8. Тәуекел аймағына жататын мемлекеттік органдарды айқындау мақсатында мынадай есептеу формуласы қолданылады:

$$X_n = (K1_n + K2_n + K3_n),$$

мұнда:

X_n - тәуекел аймағына жататын мемлекеттік органның бағыт бойынша жиынтық көрсеткіші;

$K1_n$ - "Айыппұл балдары" өлшемшарты бойынша мемлекеттік органның көрсеткіші;

$K2_n$ - "Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшарты бойынша мемлекеттік органның көрсеткіші;

$K3_n$ - "Басым көрсеткіш" өлшемшарты бойынша мемлекеттік органның көрсеткіші.

9. Жүргізілген есептеулердің нәтижелері осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес "12 ОМО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" және 3-қосымшасына сәйкес "16 ЖАО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" кестелерінің тиісті бағандарына енгізіледі.

10. Бағыт бойынша балдардың сомалары бірдей болған жағдайда, тәуекел аймағына бағыт бойынша бағалау нәтижелері ең төмен мемлекеттік орган енгізіледі.

3-тaraу. "Айыппұл балдары" өлшемшарты бойынша рейтинг жүргізу

11. "Айыппұл балдары" өлшемшарты бойынша осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес 12 ОМО-дан "Айыппұл балдары" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау және 5-қосымшаға сәйкес 16 ЖАО-дан "Айыппұл балдары" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау мақсатында неғұрлым жоғары айыппұл балынан неғұрлым төменгісіне қарай барлық ОМО мен ЖАО-ға рейтинг жүргізіледі.

12. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ОМО-ға 1 балл қадамымен 12-ден 1-ге дейін балл беріледі.

13. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ЖАО-ға 1 балл қадамымен 16-дан 1-ге дейін балл беріледі.

14. Анықталған критерий бойынша бірдей көрсеткіш болған жағдайда мемлекеттік органдарға тең балл беріледі. Тізімдегі келесі мемлекеттік орган бағалау көрсеткішін 1 балға аз алады.

Мысалы, егер осы критерий бойынша бірінші үш ОМО-да айыппұл балдары бірдей болса, олардың барлығына 12 балдан беріледі және олардан кейінгі осы критерий бойынша неғұрлым төмен көрсеткіші бар (төртінші) ОМО 11 балл алады.

15. Осы өлшемшарт бойынша көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, тәуекел аймағына бағыт бойынша бағалау нәтижелері ең төмен мемлекеттік орган енгізіледі.

16. Мемлекеттік органдардың атаулары берілген балдарымен қоса осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес "12 ОМО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" және 3-қосымшаға сәйкес "16 ЖАО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" кестелерінің тиісті бағандарына енгізіледі.

4-тарау. "Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшарты бойынша рейтинг жүргізу

17. "Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшарты бойынша осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес 12 ОМО-дан "Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау және 7-қосымшаға сәйкес 16 ЖАО-дан "Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау мақсатында балдардың неғұрлым жоғары өсу қарқынынан неғұрлым төменгісіне қарай барлық ОМО мен ЖАО-ға рейтинг жүргізіледі.

Бұл ретте, алдыңғы екі жылдағы бағыттар бойынша бағаланатын мемлекеттік орган балдарының айырмашылығы серпінді білдіреді.

18. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ОМО-ға 0,5 балл қадамымен 6-дан 0,5-ке дейін балл беріледі.

19. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ЖАО-ға 0,5 балл қадамымен 8-ден 0,5-ке дейін балл беріледі.

20. Осы критерий бойынша бірдей көрсеткіш болған жағдайда осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тәсіл қолданылады.

21. Осы өлшемшарт бойынша көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, тәуекел аймағына бағыт бойынша бағалау нәтижелері ең төмен мемлекеттік орган енгізіледі.

22. Мемлекеттік органдардың атаулары берілген балдарымен қоса осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес "12 ОМО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" және 3-қосымшаға сәйкес "16 ЖАО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" кестелерінің тиісті бағандарына енгізіледі.

5-тарау. "Басым көрсеткіш" өлшемшарты бойынша рейтинг жүргізу

23. "Басым көрсеткіш" өлшемшарты бойынша осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес 12 ОМО-ден "Басым көрсеткіш" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау және 9-қосымшаға сәйкес 16 ЖАО-дан "Басым көрсеткіш" өлшемшарты бойынша тәуекел аймағын айқындау мақсатында неғұрлым төмен балдан неғұрлым жоғарғысына қарай барлық ОМО мен ЖАО-ға рейтинг жүргізіледі.

Бұл ретте осы Әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген бағыттар бойынша басым көрсеткіштер қолданылады.

24. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ОМО-ға 1 балл қадамымен 12-ден 1-ге дейін балл беріледі.
25. Осы өлшемшарт бойынша тәуекел аймағына жататын ЖАО-ға 1 балл қадамымен 16-дан 1-ге дейін балл беріледі.
26. Осы критерий бойынша бірдей көрсеткіш болған жағдайда осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тәсіл қолданылады.
27. Осы өлшемшарт бойынша көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, тәуекел аймағына бағыт бойынша бағалау нәтижелері ең төмен мемлекеттік орган енгізіледі.
28. Мемлекеттік органдардың атаулары берілген балдарымен қоса, осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес "12 ОМО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" және 3-қосымшаға сәйкес "16 ЖАО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау" кестелерінің тиісті бағандарына енгізіледі.

6-тaraу. Қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындаумен жиынтық есептеу

29. Бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, мемлекеттік органның балдар қосындысын жиынтық есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_n = \left(\frac{X_{1n} + X_{2n}}{2} \right) + (X_{3n} + X_{4n} + X_{5n}),$$

мұнда:

R_n - бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, мемлекеттік орган бойынша балдардың жиынтық сомасы;

X_{1n} - "қадағаланатын салада/аяда/өнірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" бағыты бойынша тәуекел аймағына жатқызылған мемлекеттік органның балы;

X_{2n} - "бюджет қаражатын басқару" бағыты бойынша тәуекел аймағына жатқызылған мемлекеттік органның балы;

X_{3n} - "мемлекеттік қызметтер көрсету" бағыты бойынша тәуекел аймағына жатқызылған мемлекеттік органның балы;

X_{4n} - "персоналды басқару" бағыты бойынша тәуекел аймағына жатқызылған мемлекеттік органның балы;

X_{5n} - "ақпараттық технологияларды қолдану" бағыты бойынша тәуекел аймағына жатқызылған мемлекеттік органның балы.

30. Бағыттар бойынша осы Әдістемеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес тәуекел аймағына жатқызылған 12 ОМО мен 16 ЖАО-ның балдары осы Әдістемеге 10-

қосымшаға сәйкес "Бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, жиынтық есептеу және ең жоғары балл алған 7 ОМО-ны айқындау" және 11-қосымшаға сәйкес "Бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, жиынтық есептеу және ең жоғары балл алған 7 ЖАО-ны айқындау" кестелеріне енгізіледі.

31. Алынған балдарды қосу нәтижесінде ең жоғары мәнге ие болған 7 ОМО мен 7 ЖАО айқындалады.

32. Егер мемлекеттік органдар балдарының жиынтық сомасы бірдей болған жағдайда, қорытынды тізімге барлық бағыттар бойынша жалпы бағалау нәтижелері ең төмен мемлекеттік орган қосылады.

7-тaraу. Қорытынды ережелер

33. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша осы Әдістемеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін, қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдардың қорытынды тізімі қалыптастырылады.

34. "Бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу" блогы бойынша қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау "қадағаланатын саладағы/аядағы/өнірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" мен "бюджет қарожатын басқару" бағыттары бойынша алдыңғы бағаланған кезеңдегі бағалау нәтижелерінің негізінде есептеледі.

Мемлекеттік органдар балдарының қорытынды сомасы "бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу" блогы бойынша "қадағаланатын саладағы/аядағы/өнірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" мен "бюджет қарожатын басқару" бағыттары бойынша алдыңғы бағалаған кезеңдегі балдардың қорытынды сомасы арасындағы орташа арифметикалық мән ескеріле отырып шығарылады.

35. "Мемлекеттік органның ашықтық дәрежесі" бағыты бойынша мемлекеттік органдарға қайта тексеру жүргізілмейді.

"Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау" бағыты бойынша мемлекеттік органдарға қайта тексеру міндетті түрде жүргізіледі.

36. Есепті жылы мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, органды құқықтық мирасқор мемлекеттік органға қатысты қайта тексеру жүргізіледі.

Егер мемлекеттік орган бірінші рет Бағалау жүйесіне кірсе, онда осы мемлекеттік органға қатысты қайта тексеру жүргізілемейді.

37. Егер мемлекеттік орган соңғы екі жыл қатарынан қайта тексеруге ұшыраса, онда бағаланып отырған кезеңде бұл мемлекеттік орган қайта тексеруге жатпайды.

38. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау нәтижелері туралы қорытындыны мемлекеттік жоспарлау

жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын 30 қаңтарға дейінгі мерзімде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға жолдайды.

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне
1-қосымша

Бағалау бағыттары бойынша басым көрсеткіштер

№	Бағыт	Басым көрсеткіш
1	Қадагаланатын саладағы/аядағы/өнірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру	Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу
2	Бюджет қаражатын басқару	Бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу
3	Мемлекеттік қызметтер көрсету	Мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін сактау
4	Персоналды басқару	Адами ресурстарды пайдалану тиімділігі
5	Ақпараттық технологияларды колдану	Мемлекеттік органның функцияларын (процестерін) автоматтандыру

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне
2-қосымша

12 ОМО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау

№	ОМО атапуы	К1			ОМО атапуы	К2			ОМО атапуы	К3		
		1	2	3		4	5	6		7	8	9
		12-ден 1-ге дейінгі балдар (1 кадам)	"Мемлекеттік органның серпіні"			6-дан 0,5-ке дейінгі балдар (0,5 кадам)	"Басым көрсеткіш "			10	11	12
1												
2												
3												
4												

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне
3-қосымша

16 ЖАО-дан бағыт бойынша тәуекел аймағын айқындау



№	К1			К2			К3		
	ЖАО атауы	"Айыппұл балдары"	16-дан 1-ге дейінгі балдар (1 кадам)	ЖАО атауы	"Мемлекеттік органдардың серпіні"	8-ден 0,5-ке дейінгі балдар (0,5 кадам)	ЖАО атауы	"Басым көрсеткіш "	16-дан 1-ге дейінгі балдар (1 кадам)
2	3	4		6	7	8	10	11	12
1									
2									
3									
4									
5									

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне
4-қосымша

"Айыппұл балдары" өлшемшартты бойынша 12 ЖАО тәуекел аймағын айқындау

№	Орталық мемлекеттік органдардың атауы	К1		
		"Айыппұл балдары"	16-дан 1-ге дейінгі балдар (1 кадам)	
2		3	4	
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				

Балдар қойылмайды

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне
5-қосымша

"Айыппұл балдары" өлшемшартты бойынша 16 ЖАО тәуекел аймағын айқындау

№	Жергілікті атқаруышы органдардың атауы	К1	
		"Айыппұл балдары"	16-дан 1-ге дейінгі балдар (1 қадам)
2		3	4
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11		Балдар қойылмайды	
12			
13			
14			
15			
16			

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне 6-қосымша

"Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшартты бойынша 12 ОМО тәуекел аймағын айқындау

№	Орталық мемлекеттік органдардың атауы	К2	
		"Мемлекеттік органның серпіні"	6-дан 0,5-ке дейінгі балдар (0,5 қадам)
2		3	4
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11		Балдар қойылмайды	

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне 7-қосымша

"Мемлекеттік органның серпіні" өлшемшартты бойынша 16 ЖАО тәуекел аймағын айқындау

№	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	К2	
		"Мемлекеттік органның серпіні"	8-ден 0,5-ке дейінгі балдар (0,5 қадам)
2		3	4
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			

Балдар койылмайды

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау әдістемесіне 8-қосымша

"Басым көрсеткіш" өлшемшартты бойынша 12 ОМО тәуекел аймағын айқындау

№	Орталық мемлекеттік органдардың атауы	К3	
		"Басым көрсеткіш"	12-ден 1-ге дейінгі балдар (1 қадам)
2		3	4
1			
2			
3			

4		
5		
6		
7		
8		
9		Балдар қойылмайды
10		
11		
12		

Есептік ақпараты тәуекелдерді
басқару жүйесі негізінде қайта
тексеруге жататын мемлекеттік
органдарды айқындау
әдістемесіне
9-қосымша

"Басым көрсеткіш" өлшемшартты бойынша 16 ЖАО тәуекел аймағын айқындау

№	Жергілікті аткаруышы органдардың атауы	КЗ	
		"Басым көрсеткіш"	16-дан 1-ге дейінгі балдар (1 қадам)
1		2	3
2			4
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			Балдар қойылмайды
12			
13			
14			
15			
16			

Есептік ақпараты тәуекелдерді
басқару жүйесі негізінде қайта
тексеруге жататын мемлекеттік
органдарды айқындау
әдістемесіне
10-қосымша

Бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, жиынтық есептеу және ең жоғары балл алған 4 ОМО-ны айқындау

		X1 _n	X2 _n	X3 _n	X4 _n	X5 _n	R _n
№	ОМО атауы	Қадағаланатын саладағы/аядағы/өнірдегі стратегиялық максаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру мен бюджет қаражатын басқару	Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы	Персоналды басқару	Ақпараттық технологияларды колдану	ОМО-ның барлық бағыттары бойынша балдардың жиынтық есебі	
2		3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау
әдістемесіне
11-қосымша

Бағалаудың барлық бағыттарын ескере отырып, жиынтық есептеу және ең жоғары балл алған 8 ЖАО-ны айқындау

		X1 _n	X2 _n	X3 _n	X4 _n	X5 _n	R _n
№	ЖАО атауы	Қадағаланатын саладағы/аядағы/өнірдегі стратегиялық максаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру мен бюджет қаражатын басқару	Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы	Персоналды басқару	Ақпараттық технологияларды колдану	ЖАО-ның барлық бағыттары бойынша балдардың жиынтық есебі	
2		3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							

Есептік ақпараты тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдарды айқындау
әдістемесіне
12-қосымша
Нысан

Қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдардың тізбесі

№	Мемлекеттік органдардың атауы
Орталық мемлекеттік органдар	
1	
2	
3	
Жергілікті атқарушы органдар	
1	
2	
3	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК